

**Д. Е. Асқарбеков, С. Сунхар, А. Т. Бектурсунова, Д. Е. Жупенова, Т. А. Кенжетаева,  
А. С. Ахаева, Г. С. Айтмукушева, С. А. Турлыбекова, А. Б. Кысабекова**

### **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТӘЖІРБИЕЛІК САБАҚТАҒЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН ҚИЫНДЫҒЫ**

Қарағанды медицина университеті (Қарағанды, Қазақстан Республикасы)

Мақалада білім алушылар коронавирус COVID-19 індетінің таралуына байланысты төтенше жағдай енгізіліп, барлық жоғарғы оқу орындарының студенттері қашықтықтан оқыту технологиясымен білім алуда. Online және Offline режимде оқыту арқылы интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалімді экраннан көру арқылы және ақпаратпен алмасып оқытуды ұйымдастыру формасын жетілдіру. *Microsoft Teams, Webex Meetings* платформасын қолдана білу. Интернет арқылы қашықтықтан оқыту технологиясының кемшіліктерін игере білу. Қай жерде, қандай жағдай болмасын талмай еңбектеніп білім алған адам ғана биік өз нәтижелеріне жетеді. Оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

*Кілт сөздер:* қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, артықшылығы, қиындығы

Елімізде коронавирус COVID-19 індетінің таралуына байланысты төтенше жағдай енгізіліп Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық жоғарғы оқу орындары студенттері қашықтықтан оқыту технологиясымен білім алуда.

Коронавирус әлемдегі 421 млн білім алушыға кері әсерін тигізген деген дерек бар. 10 наурызда коронавирус індетін таратпау мақсатында ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде білім министрлерінің шұғыл отырысы өтті. Онда 15 мемлекет білім мекемелерінің бәрін жабу туралы шешім қабылдаса, тағы 14 мемлекет соған сай әрекет ететінін мәлімдеді [1]. Осыған орай Қарағанды медицина университетінің 1600 мұғалімдері 6600 оқитын студенттері де дистанционды оқыту тәжірибесін меңгере бастады.

Қазіргі қиын сәтте сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт [3, 10].

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен байланыс ең маңызды болып табылады. Тапсырманың анық-қанығын, оқу материалдарына толық қолжетімділіктің болуын және т.б. үнемі бақылау қажет [2].

Сапалы білімді меңгеруге талпынған қазіргі өсіп келе жатқан ұрпақтың жеткілікті дәрежеде білім алуға сауаты бар, өйткені олар жаңа технологияның барлық түрлерін пайдалануға толыққанды мүмкіндігі бар.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз – оқу процесі барысында заманауи талаптарға сай компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп инновациялық және дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану арқылы, білім алудың негізгі түрін айтамыз

Қазіргі таңда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамып жетілуі білімді бағалауға мүмкіндік береді. Оқытуда пайдаланылатын әдістемелер, технологиялар, әдіс – тәсілдер білім берудің жаңартылған талаптарына байланысты өзгеріп отырады [5].

Ұстаз алдындағы негізгі мақсаты – оқушыға сапалы білімді тиімді жолмен жеткізу. Қашықтан білім беру барысында сабақ үлгерімінің жақсы болуы, студенттің өзінеде тікелей байланысты болып табылады [9].

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: online (синхрондық), offline (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Online режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Offline режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Университеттің білім беру порталында студенттер электрондық курстарға тіркеледі, ондағы бар материалды дәрістер және басқа оқу қорлары бойынша оқиды. Сосын автоматты түрде тестіленеді немесе тапсырмалар орындайды. Оқытушы, тапсырманы тексеріп, пікір жазып, баға қояды.

Кейстік технология, студентке оқу әдістемелік кейс, яғни семестрге барлық материалдар мен тапсырмалар беріледі, ол тапсырмаларды орындап, график бойынша оқытушыға жіберіп отырады.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы [12].

Қарағанды медицина университетінің «Педиатрия және неонатология» кафедрасы «Ерте және ересек кезеңдегі балалардың патологиясы» пәні бойынша «Жалпы медицина» мамандығында оқитын студенттерге осы айтылған оқыту формаларын сабақ барысында кеңінен қолданамын. Университетінің оқытушылары "Platonus" платформасына ситуациялық тапсырмалар енгізіледі. Студенттер осы платформадағы тапсырмаларды орындайды және оларды бағалау да осы жерде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Online режимінде ситуациялық тапсырмаларды екі топқа бөлініп, берілген сұрақтардың жауабын талдаймыз. Әр топ өздерінің қойған диагноздарын талдап тұжырымдаймыз. Сабақты басында *Zoom* платформасында жүргізілді онда уақыт аз болғандықтан, *Microsoft Teams*, *Webex Meetings* платформасын қолдана бастадық. Осы платформалар арқылы топта пікірталас ұйымдастыра аламыз, жаңа материалды оқып білу және тапсырмаларды орындау кезеңінде сөйлесе аламыз. Осы мақсатта дұрыс білім беру порталын таңдау керек, жалпы жоба, рөлдерді бөлу арқылы күрделі тапсырма мұның бәрі ашық құжаттардың, вебинарлардың, желілік ресурстардың заманауи технологияларының көмегімен жүзеге асырылады. *WhatsApp*, *Mail.ru* әлеуметтік желілерінің көмегімен хабар алмасу, я болмаса чат арқылы сапалы кері байланыс топта жүргізіліп тұрады.

Қазіргі жағдайда біз ғана емес, әлем елдері де осы жүйе бойынша білім беруде [11].

Сонымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз

білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8- бабында «Білім беру жүйесінің басты негізгі міндеті - ол оқытудың жаңаша технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру жүйелері, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу». Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өз жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін бізге заман талабына сай білім қажет. Өз еліміз Қазақстанның дамыған 50-елдің қатарына қосылуға септігін тигізетін ол тек қана - білім». Сондықтан да білім беру жүйесін жүргізу барысында қазіргі даму кезеңінің оқу үрдісінің технологияландыру мәселесін алға қойып отыр. Мұндағы оқу барысында мұғалімнің білімділігі, оқушыларға, студенттерге білім беруі жоғарғы деңгейде болғанда ғана нәтижесі көзге көрінеді. Әрбір сабағын қызықты әрі сапалы, қазіргі заманның талаптарына сай жаңа өзіндік әдістерін қолдану арқылы жүргізген абзал [4].

Сонымен Интернет арқылы қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқтасам.

Артықшылығы – бұл курс бойынша жүктелген материалдарды студенттің кезкелген уақытта қарап, игере алуы.

Әр студент оқу материалдарын өз қарқынына қарай игеріп, жүктелген дәрістерді, видео дәріс материалдарын бірнеше рет қарап, күрделі сұрақтарды терең меңгеруге мүмкіндік алады [6].

Қашықтықтан білім алудың тағы бір артықшылығы, қашықтықтан білім алу арқылы студент жоғары баға алу мүмкіндігіне ие.

Ғалымдардың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қашықтықтан оқыту нәтижелерінен алған бағалар, дәстүрлі білім беруде алған бағалардан жоғары екендігін көрсетті.

Оқу материалдарын студенттер өздігімен оқитын болғандықтан тақырыптарды есте сақтау, түсіну қабілеті артады

Қашықтақтан оқу барысында студент жаңа технологияларды, программалық бағдарламалармен танысуға мүмкіндік алады.

Оқытушы мен студент арасындағы байланыс әртүрлі әдістермен on-line және off-line арқылы жүзеге асады.

Электронды почта арқылы кеңес беру, студенттер жіберген материалдарды қарап, сұрақ – жауап жазу қазіргі жағдайда өте тиімді болуда [7].

Қашықтықтан оқитын студенттер үшін оқулық пен әдістемелік кешеннің жетіспеушілігі сияқты мәселелер орын алмайды. Барлық әдебиеттерге қолжетімділік университеттің қашықтықтан оқыту порталында немесе оқытушының жеке почтасы арқылы жүзеге асады. Қашықтықтан оқыту жаңа технологияларды, жаңа бағдарламаларды игеріп, профессионалды дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Алдымен қашықтықтан оқытудың қиындығына тоқталсам. Оқытушы мен студент арасында бетпе-бет қарым-қатынас болу керек деп ойлаймын. Бұл дәріс барысында оқытушының өз ойын дұрыс жеткізу үшін қажет. Онлайн оқуда студенттердің лекцияны түсінген, түсінбегендігін немесе сұрақ қойғысы келетіндігін ұғу да қиындық туғызады. Сонымен қатар, көптеген студент ауылдық жерлерден болғандықтан, олардың онлайн сабақтарға шығуға мүмкіндігі болмайды. Олар ұялы байланыс іздеп тау-тасты кезуге немесе интернет ұстайтын жерлерге қатынасып оқуға мәжбүр. Бұл онлайн оқудың басты қиындығы болып отыр. Техникалық олқылықтардың салдарынан, интернеттің дұрыс жұмыс жасамуы кесірінен тәжірбиелік сабақтар барысында дауыс естілмей қалуы сияқты жағдайлар көптеп кездеседі. медицина саласында білім алатын болғандықтан, қашықтықтан оқыту біздер үшін тиімсіз деп ойлаймын. Себебі, біз дәрістерде, семинарларда оқыған оқуды мұғалімдермен талқылаймыз, сол арқылы тәжірибе жинаймыз. Ал қашықтықтан оқыту барысында талқылау қиындық туғызады [8, 13].

Қорыта келе, Қазақстан Республикасы қазіргі таңдағы электронды оқытудың білім жүйесінің инновациялық дамудың басты бағыттары болып табылады. Жаңаша білім беруді модернизациялаудың негізгі құралының бірі e-learning жүйесі тәжірибелер жүргізу барысында көрсеткіштері бойынша айқындайды. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің жаңаша ақпараттандыру мақсатына электронды түрде білім беру өз септігін тигізеді.

Даму үстіндегі мемлекет болғандықтан бұл проблема әрдайым басты назарда болып отыр. Қашықтан оқыту біздің елімізде кең таралуы жайлы айту әлі ертерек, толыққанды қашықтан оқыту туралы айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы тиіс, бізде ол жағы әлі әлсіздеу.

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы

үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Барлық оқытушылар мен студенттерге тілерім осындай қиын сәттерде еңбектері мен білім алуда үлкен сәттілік, шыдамдылық, төзімділік керек.

Білім инемен құдық қазғандай – деп ата-бабаларымыз айтпақшы, еліміздің өркендеуі үшін әрбір ұрпақ жеткілікті түрде білім алуы қажет. Қай жерде, қандай жағдай болмасын талмай еңбектеніп білім алған адам ғана биік шыңдарды бағындыра алады.

### ӘДЕБИЕТ

1 Ахметова Г. К. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі /Г. К. Ахметова, Ж. А. Караев, С. Т. Мұхамбетжанова. – Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2015. – 124 б.

2 Ғылыми еңбектерінің жинағы «Актуальные проблемы гуманитарных, социальных и экономических наук» /Академик Н. Г. Хохловтың жалпы баспасөз. – М.:МГИУ, 2015, 395 б.

3 Канаво В. Достоинства и недостатки дистанционного обучения через интернет // Бизнесобразование в России. – URL: <http://www.curator.ru/doplus.html>

4 Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы

5 Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдардағы білімді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы, <http://www.edu.gov.kz>

6 «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығынан.

7 Миндубаева Ф. А. Опыт использования современных образовательных технологий в медицинском образовании //Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – №8. – С. 26-28.

8 Назарбаев Н. А. «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства» //Послание Президента РК народу Казахстана от 14.12.2012 г.

9 Полат Е. С. Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары. – М., 2017. – 112 с.

10 Сергиенко И. В. Қашықтықтан оқыту процесін модельдеу негіздері //Білім берудегі инновациялар. – 2015. – №2. – Б. 43-53.

11 Толстоухова И. В. Дистанционное обучение как современная педагогическая технология //Человек и образование. – 2016. – №2 (47). – С. 98-100.

12 Черемисин А. Г. Интернетті дамыту – ақпараттық қоғамдағы білім //Білім берудегі инновациялар. – 2015. – №5. – Б. 36-40.

13 Basic Medical Education WFME Global Standards for Quality Improvement. The 2012 Revision. WFME Office. – Denmark: University of Copenhagen, 2012. – 46 p.

### REFERENCES

1 Ahmetova G. K. Bilim beru ұжымдарына jelektronдық оқыту zhұjesin engizu zhardajynda pedagogtardың biliktigin arttyrudы ұжымдастыру әdistemesi /G. K. Ahmetova, Zh. A. Karaev, S. T. Muhambetzhanova. – Almaty: AҚ «ҰБАО «Өлеу», 2015. – 124 b.

2 Fylymi еңбектерінің zhinaфы «Aktual'nye problemy gumanitarnыh, social'nyh i jekonomicheskikh nauk» /Академик N. G. Hohlovтуң zhalpy baspasez. – М.:МГИУ, 2015, 395 b.

3 Kanavo V. Dostoinstva i nedostatki distancionnogo obuchenija cherez internet //Biznesobrazovanie v Rossii. – URL: <http://www.curator.ru/doplus.html>

4 Қазақстан zhәне TMD elderindegi bilim berudi ақпараттандырудың IV Halyқаралық forumуның fylymi мақалалар zhinaфы

5 Қазақстан Respublikasының 2011-2020 zhyldardaфы bilimdi damytudың Memlekettik Baғdarlamasy, <http://www.edu.gov.kz>

6 «Koronavirustық infekcijanyң taraluyna bajlanysty shekteu sharalary kezeңinde bilim beru ұjymдарында оқу процесin iske asyru zhөinдеgi әdistemelik ұsynymдарды bekitu turaly» Қазақстан Respublikasy Bilim zhәне fylym ministriniң 2020 zhylyfy 13 тамыздафы № 345 бұjрығу- nan.

7 Mindubaeva F. A. Opyt ispol'zovaniya sovremennyh obrazovatel'nyh tehnologij v medicinskom obrazovanii //Mezhdunarodnyj zhurnal jeksperimental'nogo obrazovaniya. – 2016. – №8. – S. 26-28.

8 Nazarbaev N. A. «Strategija «Kazakhstan – 2050»: novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva» //Poslanie Prezidenta RK narodu Kazahstana ot 14.12.2012 g.

9 Polat E. S. Қашықтықтан оқутудың pedagogikalық tehnologijalary. – М., 2017. – 112 s.

10 Sergienko I. V. Қашықтықтан оқыту процесin model'deu negizderi //Bilim berudegi innovacijalar. – 2015. – №2. – Б. 43-53.

11 Tolstouhova I. V. Distancionnoe obuchenie kak sovremennaja pedagogicheskaja tehnologija //Chelovek i obrazovanie. – 2016. – №2 (47). – S. 98-100.

12 Cheremisin A. G. Internetti damytu – ақпараттық қоғамдағы bilim //Bilim berudegi innovacijalar. – 2015. – №5. – Б. 36-40.

13 Basic Medical Education WFME Global Standards for Quality Improvement. The 2012 Revision. WFME Office. – Denmark: University of Copenhagen, 2012. – 46 r.

Поступила 09.12.2020 г.

*D. E. Askarbekov, S. Sunkhar, A. T. Bektursunova scientific adviser D. E. Zhupenova, T. A. Kenzhetaeva, A. S. Akhaeva, G. S. Aitmukusheva, S. A. Turlybekova, A. B. Kisabekova*  
**THE BENEFITS AND DIFFICULTIES OF DISTANCE LEARNING TECHNOLOGIES FOR PRACTICAL EXERCISES**  
*Karaganda medical university (Karaganda, Republic of Kazakhstan)*

The article notes that due to the spread of the COVID-19 coronavirus, a state of emergency is being introduced, and students of all universities are being trained using distance learning technologies. Online and Offline learning is a form of organizing teacher training using Internet resources at a certain distance at the current time by viewing from the screen and exchanging information. Ability to use the *Microsoft Teams* and *Webex Meetings* platforms. Ability to master the disadvantages of distance learning technology via the Internet. Improve online knowledge, update your knowledge in the information space.

*Key words:* distance learning, information and communication technologies, advantages, difficulties

## Медицинское и фармацевтическое образование

---

*Д. Е. Аскарбеков, С. Сунхар, А. Т. Бектурсунова, Д. Е. Жупенова, Т. А. Кенжетаева, А. С. Ахаева,  
Г. С. Айтмукушева, С. А. Турлыбекова, А. Б. Кысабекова*  
**ПРЕИМУЩЕСТВА И СЛОЖНОСТИ ДИСТАНЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ**  
*Медицинский университет Караганды (Караганда. Казахстан)*

В связи с распространением коронавируса COVID-19 студенты всех вузов обучаются по дистанционным технологиям обучения. Обучение в режиме *online* и *offline* – это форма организации обучения учителя с помощью Интернет-ресурсов на определенном расстоянии в текущий момент времени путем просмотра с экрана и обмена информацией. Авторами статьи делается акцент на том, что для современного студента очень важным является умение пользоваться платформами *Microsoft Teams, Webex Meetings*, умение овладевать технологиями дистанционного обучения через Интернет, совершенствовать онлайн-знания, актуализировать свои знания в информационном пространстве.

*Ключевые слова:* дистанционное обучение, информационно-коммуникационные технологии, преимущества, сложности интернет